



Өркенділікке – өршілдік сипат

Республика Президентінің Қазақстан халқына Жолдауын талқылаймыз

Президент Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына кезекті Жолдауы біздерді осыған шақырады. Дер кезінде қойылған және толғағы жеткен қоғамдағы өзекті мәселе. Біздер, қазақстандықтар, бүкіл әлем мемлекеттерімен, олардың халқымен, экономикасымен, ой-парасат, білім-біліктілігімен бәсекеге түстік, одан әрі түспекпіз. Бұл бүгінгі күннің де, болашақтың да талабы мен ерекшелігі. Ал енді осыған дайын, сәйкес болудың, қамданудың, бәсекеге қабілеттілікті пәрменді түрде жасаудың тиімді жолдарын айқындаудың мезгілі жетті.

Өйткені, өкінішке орай, қазіргі заман талабына сай ата-бабамыздан қалған бәсекеге қабілеттілік мұрасы бізде аз, тіпті жоқ десек те жаңылыспаспыз. Ал енді басқа елдерде, әсіресе дамыған елдерде, бәсекеге қабілеттілік, оны арттыру мәселелері күн тәртібіне көптен қойылған, бірнеше ұрпақтар осыған еңбегін арнауда, нәтижесі де айтарлықтай. Бүкіл әлемдегі ең бірінші ел — Америка Құрама Штаттары экономикада болсын, әлеуметтік салаларда да болсын бәсекеге қабілеттіліктің басқа елдерден жоғары болуын ұлттық қағида деп есептеп, соған сәйкес саясат жүргізеді. Еуропалық Одақ (жақында оның құрамы 25 мемлекетке дейін көбейді) 2001 жылы Лиссабонда алынған шешімінде Еуропа экономикасының бәсекеге қабілеттілігін дүние жүзінде ең жоғары дәрежеге жеткізуді көздеп отыр.

жүйесі қалыптасты. Мемлекеттік бюджетте, даму институттарындағы және Ұлттық қордағы жиналған қаржы ең өзекті проблемаларды көтеріп, оны тиянақты шешудің жолдарын анықтауға жағдай жасап отыр. Осының негізінде Президентіміздің кезекті Жолдауы дүниеге келді. Бұл — тақырыбы тың, мақсаты биік, көздеген нысанасы өте алыс бағдарлама. “Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін” деп Президент тастаған ұранды баршамыз қолдап, оны орындау жолында аянбай еңбек етуіміз керек. Ал енді оны орындау тек қана мемлекеттің, оның басқару ұйымдарының жұмысы емес, бәсекеге қабілеттілікті арттыру еліміздегі әрбір кәсіпорынның, халық шаруашылығының әр саласының, әлеуметтік жүйенің және әрбір қазақстандықтың жеке-жеке міндеті.

Ендігі өңгіме осындай үлкен мақсатты іске асырудың тиянақты жолдарын табуда. “Дьявол скрывается в деталях”, — дейді орыс халқы. Басқаша айтсақ, жоғарыда айтылған бағдарламалар — біздің көздеген нысанамыз, ал басты мәселе оларды орындаудың тетігін табуда. Осы тұрғыдан өлі де дұрыс шешімі табылмаған проблемалар бар сияқты. Мысалы, елімізге келіп жатқан шетелдік инвестициялардың сыңар-жақпағы көптен айтылып жүр. Олар негізінен шикізат өндіретін салаларға келуде, ал машина

дүние жүзіне белгілі осы фирма маңайында микроэлектроника, электротехника, бағдарламалық өнімдер шығаратын тағы да 120 компанияның құрылуына тікелей үлес қосты. Олардың барлығы Nokia фирмасы басқарған ақпараттық технологиялар кластерінің құрамында нәтижелі жұмыс істеуде.

Біздің экономикамыз әр саланың бір-бірімен тығыз байланысы болмай, жеке-жеке, фрагментті түрде дамыған. Қазақстан аймақтарының бір-бірімен экономикалық байланысы тығыз емес, ал енді жеке аймақты алсақ олардың кәсіпорындары, ғылым-білім беретін орындары, басқа да салалар бір-біріне үйлесіп дамымаған. Оларды ортақ іске жұмылған кәсіпорындардың немесе мекемелердің жиынтығы деуге болмайды. Әсіресе аймақтағы университеттердің сол жердің экономикасымен байланысы аз, ғылыми мекемелер туралы да осыны айтуға болады және олар өте аз. Сондықтан да біздің аймақтардың инновациялық қабілеті төмен. Ал енді шетел тәжірибесіне жүгінесек, кластерлік дамуға мұрындық болып отырған — университеттер мен ғылыми орталықтар. Президенттің Жолдауында көрсетілгендей, біздер экономиканы дамытудың, әсіресе оны инновациялық тұрғыдан дамытудың кластерлік үлгісін жасайтын мезгіл келді. Кластерлік үлгі біздегі әрбір аймақтың экономикасын үйлестіруге көмегін тигізетіні сөзсіз. Осындай

ған қаржының орташа табыс нормасы 4%-ға жуық, яғни білім саласына жұмсалған қаржының қайтарымы басқа салалардан көп артық. Сөз реті келгенде айта кету керек, білімге жұмсалған қаржының өтелімділігін дүние жүзінде алғашқы рет өткен ғасырдың 20-шы жылдарында зерттеген академик С.Струмилин болатын. Ғалымның айтуынша, мектеп оқушыларына арналған қазынаның шығыны толығымен 1,5 жыл ішінде өтеледі, ал қалған 35,5 жыл ішінде мемлекет тек қосымша табыс тауып отырады.

Сонымен білім мен біліктілік қазіргі заманда мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінің ең маңызды көрсеткішіне айналды. Көптеген елдерде жаңа индустриялық қоғам үшін адамды дамыту, оның қабілетін арттыру бағдарламалары қабылданды. Өткен ғасырдың 80-90-шы жылдары АҚШ-та, Жапонияда, басқа дамыған елдерде экономиканы дамытудың жаңа стратегиялық бағыты, жаңа философиясы қалыптасты. Оның шешуші рөлі адам деп анықталды. Тек қана дамыған елдер ғана емес, артта қалған мемлекеттер де халыққа білім беру кедейлік-тен шығудың бірден-бір тиімді жолы екенін түсіне бастады.

Міне, қазіргі заман талабы осындай. Адам, оның білімі сенің экономикаңның өсуінің де, бәсекеге қабілеттілігінің де негізгі күші. Демек Президент Жолдауының талаптарын орындаудың маңызды бір бөлшегі — еліміздегі білім беру жүйесін дамыту, жаңарту, озық елдердің деңгейіне жеткізу. Қазір осы жүйенің Білім және ғылым министрлігі дайындаған білім беруді дамыту тұжырымдамасы талқыланып жатыр. Бұрынғы осы саладағы іс-қимылдармен салыстырсақ, тұжырымдамада білім беру мәселелері кешенді түрде көтерілген, озық стандарттарды көздеген шаралар да аз емес. Дегенмен “Елімізге болашаққа құлаш сермейтін Білім берудің жаңа мемлекеттік бағдарламасы керек” деген Президенттің пікірін толық қолдағым келеді. Өйткені қазіргі білім жүйесінің жағдайы жоғары талапқа сай келмейді. Бастауыш, орта мектеп болсын, жоғары оқу орындары болсын білікті ұстазға өте мұқтаж. Егде тартқан, тәжірибелі ұстаздар жастары ұлғайып, зейнеткерлікке шығып жатыр. Кейбіреулері басқа елге көшіп кетті. Одан кейінгілердің қолынан іс келетіндері басқа салаларға ауысып кетті, ал біршамасы базарға шығып кетті. Ұстаздардың жаңа ұрпағы өлі қалыптасып үлгірен жок. Ұстаздар қауымында өлі тұрақтылық жоқ, реті келсе бизнеске ауысып кетуді армандайтындар өлі баршылық. Осының бәрі ұстаздардың тұрмыс жағдайына байланысты. Егер олардың тұрмыс жағдайын, әлеуметтік орнын бизнесте немесе мемлекеттік қызметте жүрген азаматтармен теңестіре алсақ, жоғары талапқа сай ұстаздар қауымы қай мектепте болса да қалыптасатыны сөзсіз анық. Болашақ мемлекеттік білім беру бағдарламасының басты міндетінің бірі осы дер едім.

Білім жүйесінің материалдық-техникалық базасы да айтарлықтай емес. Оны жаңарту үшін керек қаржы бөлінбейді. Былтырғы жылы Швецияда Лунд университетінде болғаным бар. Өз инфрақұрылымымен жеке бір қала болып қалыптасқан кампус. Жылдық бюджеті 550 млн.

Биылғы жылдың Наурыз мейрамының қарсаңында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына арналған Жолдауын ұсынды. Бұл өдеттегідей кезекті жылдың керекті нем келелі мәселелерінің ғана жиынтығы емес, дәрежесі тарихқа

Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін,
бәсекеге қабілетті экономика үшін,
бәсекеге қабілетті халық үшін



Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы Астана, 2004 жылғы 19 наурыз

Табыстың алтын кілті

Кәкімбек САЛЫҚОВ,
ақын, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері.

кетер жүйелі құбылыс. Ол өркеніетке деген көркем ниет қана емес, егемен еліміздің аршынды қадамдарын қанаттандыра, ынталандыра, жігерлендіре түсетін субелі де жүйелі, түгел сөз. Тоғыз ауыз сөздің тобықтай түйіні, экономикалық табыстың, өсімнің сикырлы сандығын ашар алтын кілт — бәсекелестік жайындағы Елбасының кеменгер ұсынысы.

Он жылдан астам уақытты былай қойғанда, соңғы төрт жыл, әсіресе 2003 жылдың тұрақты жетістіктері Елбасы Н.Назарбаевқа күш, қуат берді. Қол жеткен айтулы көрсеткіштер Қазақстанға атак, даңқ әкелді. Ол оңай келген олжа емес, оның артында талай-талай қиындықтардан өткен ел тағдыры жатыр. Міне, осы қуанышты жағдайда Елбасымыз жаңа талпынысқа бастап, көкейкесті тұжырымдарын дер кезінде ортаға салды.

“Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін” — деген сөздердің өзінен көгілдір туымыз желбірей түсіп, көк аспанымыз ашыла жадырап, көз жетпес көзжиектеріміз кеңі түскендей сезім әр қазақты биледі. Нұрсұлтан Әбішұлы өжет, қайсар мінезіне қоса, алпауыт заман талабын, алашпыран өмір ағысын жіті түсінген кеменгер басшы екенін тарлан тарихтың алдында тамаша танытты.

Бәсекелестік — молшылықтың сикыр сандығын ашатын алтын кілт

жетер асфальтты жолдың тез арада салынып, іске қосылуы қай қазақстандықты да қуантады. Ең төменгі жалақыны екі жарым есе көтерудің өзі өзгелердің қолдары жете қоймаған қомақты табыс десек, артық айтқандық емес. Ендігі жерде қол жеткен табысқа масаттанбай, дөйекті нәтижелерді арқау ете отырып, ұлттық экономикамыздың өлемдік рынок бөйгесіне жараған сәйгүліктей келген шағында, әрі қарай пәрменді екпінмен аршындауына әр қазақстандықтың тер аямай еңбек етіп, дем беруі адал парыз.

Президентіміздің Жолдауында ашық айтылғандай, масылдық пен жатыпшерліктен сақтанып, адамдық әлеуетімізді көтеру үлкен сөз болып отыр. Ішкі даудан, сыртқы жаудан есен болсақ, бар мақсатқа жету құралы Қазақстан халқының өз қолында. Намыскерлікке бой тастауымызның себебі — немістер мен жапондықтар көз алдымынан кетпейді. Отан соғысынан кейін олар сокқыдан құлап, қырғыннан сұлап жатқан ел емес пе еді. Он елдерді көздеген көкейкесті армандарына, бүгінгі озық дәрежелеріне ұлтжандылық пен намыскерлігі жеткізді. Батыс пен Шығыстың от кешкен халықтары тастуынан іскерлігін көрсетсе, біз де Қазақстан қайсарлығын, еңбекқұмарлығын айтақтауға ынта, жігер қосқанымыз ләзім.

Президентіміз Н.Назарбаев бәсекелестік сөресіне өзі бастап, Қазақстанды алға қарай ынталануға шақырып тұр. Байсалды байыптамалары, салиқалы тұжырымдары, дәйекті шешімдері ұлы жолға жолдама жасап берді.

Ендігі жүктің ауыры кәсіби дәрежеге жеткен үкіметімізге түсін

Бәсекеге қабілеттілікті өзіміз жасауымыз керек

Кенжеғали САҒАДИЕВ, академик.

Шығыстағы жаңа индустриялық мемлекеттер — Оңтүстік Корея, Сингапур, Малайзия, Тайланд небәрі 25-30 жылдың ішінде шаруашылықтың көптеген салаларының бәсекеге қабілеттілігін өлемдік деңгейге көтере білді. Қытай елінің осы саладағы іс-қимылы, қол жеткізген табыстары бүкіл дүние жүзін тандандырауда. Бәсекелік қабілет мәселелері күрделі түрде және мемлекеттік деңгейде Ресейде де күн тәртібіне қойылып, оны қамтамасыз етуді ұлттық идеяға, ұлттық ұранға айналдыру туралы пікірлер осы елде жиі және жоғары мінберлерден айтылып жүр.

Басқа да көптеген елдер өздері шығарған тауарлардың көрсетіп отырған қызмет салаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру қамында. Бұл заман талабы, өйткені жаһандану үрдісінен ешкім тыс қала алмайды. Шаруашылық жүйесінде болсын, әлеуметтік салаларда болсын өлем елдерінің бір-бірімен бәсекелестігі күшейіп, одан әрі күшейе түседі. Ал енді осыған қабі-



жасау, энергетика, химия, құрылыс материалдары



Дер кезіндегі көмек

Айқын НЕСІПБАЙ,
"Егемен Қазақстан".

Ислам даму банкі Қарағанды облысы ауыл-селоларына ауыз су құбырларын тарту үшін 9,5 миллион доллар несиелік бөледі. Бұл қрамқты қаржы аймақтың алыс тұрғындарындағы 94 елді мекенге су құбырларын тартуға толығымен жетеді. Оларды алмастырып-ауыстыру мәселесі көптен күн тәртібінде тұрған еді. Бұдан 25-30 жыл бұрын салынған су құбырлары өбден ескіріп, дені пайдалануға жарамсыз күйге түскен болатын. Қаржы тапшылығы салдарынан оны жөндеп, іске қосуға қол бөгеліп келген-ді. Ақыры бытыр ғана оның жолы табылды. Ислам даму банкімен жүргізілген келіссөздердің нәтижесінде жоғарыда аталған қаржыны несиелік түрде беруге ықпал танытылды. Бұл нағыз дер кезіндегі көмек болды.

Несие 25 жыл мерзімге беріліп отыр. Жылдық өтем өсімі де оңшартты жоғары емес. Жылына бар болғыны 2,5 пайызды құрайды. Енді жер аяғы кезімен ауыл-ауылда су құбырларының құрылысы басталады. Жұмыстың басым бөлігін қар түскенше аяқтап шығу жобаланған. Алыстағы үлкенді-кішілі елді мекендердің таза ауыз сумен үзбей қамтамасыз етілетін күнге жететініне көп уақыт қалған жоқ.

ҚАРАҒАНДЫ.

Елбасы қабылдады

Кеше Президент Нұрсұлтан Назарбаев Алматыдағы резиденциясында Ұлттық Ғылым академиясының академигі, филология ғылымының докторы, профессор Зейнолла Қабдоловты қабылдады, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі. Кездесу кезінде білім жүйесіндегі реформалар барысына қатысты мәселелер мен Қазақстан ғылымын дамытудың перспективалары талқыланды.

Құрылыс жобаларымен танысты

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Астанаға келген бойда "Астанабасжоспар" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында болып, Есіл өзенінің сол жағалауында тұрғызылуы жоспарланған ғимараттардың макеттерімен танысты, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі. Н.Назарбаев конкурстың кезекті турынан өткен жобаларға,

ЕГЕМЕН

ҚАЗАҚСТАН



№85-86 (23724).
9 СӘУІР
ЖҰМА
2004 ЖЫЛ

Жалпыұлттық республикалық газет

1919 жылғы 17 желтоқсаннан шыға бастады



• Кездесу кезінде.

Суретті түсіргендер С.БОНДАРЕНКО мен Б.ОТАРБАЕВ.

Ынтымақтастық банк қызметінде де бағалы

Нұрсұлтан Назарбаев 7 сәуірде Алматыдағы резиденциясында Қытай Халық Республикасы Даму банкінің президенті Чэнь Юаньды қабылдады.

Мейрамбек ТӨЛЕПБЕРГЕН,
"Егемен Қазақстан".

Онда тату көршілік пен ынтымақтастық жағдайында қарым-қатынас орнатқан екі ел арасында қаржылық және банк ісіндегі байланысы одан әрі дамыту мәселесі қозғалды.

Кездесуден кейін Чэнь Юань

Даму банкі 1994 жылдан бері жұмыс істейді. Ауқымы мен беделі дүние жүзіне таныла бастаған. Ел экономикасын инвестициялау және дамыту саласында қаржы саясатын айқындауға жәрдемдесіп отырған бұл банкінің қаржылық құрылымы молайып, банкілік капиталы 1 триллион АҚШ долларын құрайды. Қытайлық банктерлер Қазақстан экономикасының жетекші салаларымен танысып, мұнай-газ

компанияларының ынтымақтастығын орнатуды көздейді. Сондай-ақ біздің еліміздегі инвестициялық ахуалды да білгісі келеді. Бірлескен кәсіпорындарды қаржыландыру мәселесі де ойда екен.

Чэнь Юань Қазақстан Президентімен кездесуінде Мемлекет басшысына өзі басқаратын банкінің қызметімен таныстырғанын, екі елдің экономикалық, әлеуметтік және қаржылық жағдайы жөнінде ой бөліскендерін айтты. Белгілі бір салалар бойынша екі ел кәсіпорындары мен компанияларының арасындағы қарым-қатынас жа-

Ертеңі ертегідей Алматы

Президент Нұрсұлтан Назарбаев сәрсенбі күні Алматы қаласының әкімі Виктор Храпунов пен оңтүстік астананың аудан әкімдерімен жұмыс барысында арнайы кездесіп, ерекше мәртебесі бар қаланы дамытудың келешегі жайында пікір алысты.

Мейрамбек ТӨЛЕПБЕРГЕН,
"Егемен Қазақстан".

Күнгейдегі бас қаланың бүгінгі мен ертеңі бөрімізді де толғандырады. Өйткені тәуелсіздіктің алтын бесігі болған қаланың әр таңы арайлап атып, заман үрдісіне сай айшықталып, жақсара түскені жүректен шыққан тілек сияқты жылы естіледі. Солай болғанын қалаймыз да. Алайда соңғы жылдары қала сәулеті мен сәні есем ғимараттармен танымастай өзгеріп, тоғыдай таранды дегенімізбен, қалай болар екен деген сұрақтардың шешуі де қиындап бара жатқанын жасыруға болмайды. Әсіресе, негізінен автокөліктердің улы газ-түтіні мұнардай болып, қаланың тынысы тарыла бастады. Тұрғындарының саны 1,5 миллионның арғы-бергі жағында, сырттан келушілердің легі жылдан-жылға артып келеді. Ескі үйлердің сейсмикалық апатқа шыдас бермейтіні де, қазірдің өзінде 350 мыңнан астам автокөліктің ағыны тар көшелердің екі жағын бірдей таңертен және кешке тығындап тастайтыны да, асфальт жолдардың ой-шұқырының сын көтермейтіні де, коммуналдық қызметтің бағасының әрқилы болуы да жұртшылықты мазасыздандырмай қоймайды. Алматы өте қымбат қалаға айналды. Бағасы удай тұрғын үйлер тау беткейінде жағалай үлкен қарқынмен салынып жатыр. Ал әлеуметтік жағынан қорғалуға тиісті

адамдар арзан тұрғын үйлерге ие бола ала ма? Қоғамдық тәртіптің мәнісі қандай? Қала келешекте қалай дамуы керек? Осы тақылеттес сұрақтар жан-жақты сөз болды.

Мемлекет басшысы биылғы жылғы өзінің Қазақстан халқына Жолдауында айтылған әрбір әлеуметтік міндеттердің мүлтіксіз орындалуы қажеттігін қадап айтты. Бұл істе ешқандай ұсақ-түйек нәрсе болмауы керек. Қазір қаншама жаңа жұмыс орындары ашылып, республиканың бюджетіне үлес қосу жағынан айрықша орын алып, шағын және орта бизнес бұырқанып өскеніне қарамастан, Алматының мүмкіндігі мен сәніне Үкімет деңгейінде қадағалау мен қарастыруды талап етеді. Оңтүстік астананың онды бола түсуі көңілді демалыс, мәдени және сауда орталықтарының ғажайып архитектуралық ғимараттарымен ғана өлшенбесе керек. Ең негізгісі, басынан бақ таймаған қаланың бақыты — тұрғындардың тұрмысы мен көңіл күйінің жоғары деңгейінің сақталуы. Қымбат қаланың рухани қазынасы да қымбат болуы тиіс. Қалада ұлтарақтай жерден ұтысқа шыға алатын құбылыс пайда болды. Бас қаланың бірі лас қалаға айналып кетпес үшін де экологиялық сауықтыру шаралары аса маңызды.

Алматы — еліміздегі қоғамдық-саяси ахуалды айқындайтын ең ірі қала. Зиялылар ордасы, мәдениеттің, қаржының, бизнестің орталығы. Сондықтан бұл құндылықтар әрдайым басты назарда. Мемлекет басшысы қала әкімдігінің өткен жы-

лы атқарған қызметіне қанағаттанарлық баға берді. Дегенмен алда тұрған міндеттер ауқымы өте зор екенін де атап көрсетті.

Виктор Храпунов журналистерге берген қысқаша сұхбатында Президенттің әкімдіктің өткен жылғы атқарған жұмыстарымен және биылғы жылы атқарылатын ауқымды істердің жоспарымен таныстырғанын мәлімдеді. Мемлекет басшысының Жолдауынан туындайтын қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтау, денсаулық, білім беру саласында кезделген тапсырмаларды тиянақтау, сондай-ақ қалаға тән басқа да проблемаларды жүйелі және жедел шешу жүктелгенін де айтты. Олардың ішінде қаланың көлік жүрісін жеңілдетуді реттеу, жүк автокөліктерінің қала ішіне кірмей, сыртынан айналып өтетін жолдар салу, инвесторлар тауып, метро құрылысына қарқын беру, монорельс жолының құрылысын бастау, қаланың ауа бассейнін жақсарту міндеттері бар.

Алматы қаласында алдағы үш жылда 2 миллион шаршы метр тұрғын үй салынады. Қаланың ыңғайлы жерлерінде әрбір шаршы метрі 350 доллардан аспайтын тұрғын үйлер салу және оны қаржыландырудың көздерін табу, қаланы жасыл желекпен көгалдандыру, бау-бақшамен көркейту — қолға алуды аса қажет ететін жұмыстар Мұның бәрін оңтүстік астана әкімдігі түпкілікті ішугі керек.

Н.Назарбаев Алматы қаласының инвестициялық тартымдылығын одан әрі дамыту, осы заманның озық шаһарына тән жаңарып, жасара беруін қамтамасыз ету әрдайым өзінің және Үкіметтің назарында болатынын айтты.

Негізгі қадамдар қаралды

Құрылыс нысандарын аралады

Сәрсенбі күні Премьер-Министр Даниял Ахметов Есілдің сол жағалауындағы "Астана — жаңа қала" еркін экономикалық аймақтың аумағында салынып жатқан әкімшілік ғимараттар — Қазақстан Прези-

барлық әкімшілік кешеннің архитектуралық келбетінің сақталуына қатысты сын-ескертпе айтылды. Атап айтқанда, сол жағалаудағы басты алаңды үйлестіретін негізгі композициялық элементтер ретінде

“Астанаасжоспар” мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында болып, Есіл өзенінің сол жағалауында тұрғызылуы жоспарланған ғимараттардың мақеттерімен танысты, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі. Н.Назарбаев конкурстың кезекті турынан өткен жобаларға, оның ішінде “Бейбітшілік және келісім храмы” деп аталатын дін сарайының жобасына назар аударды.

Жолдауда айтылған міндеттер

“Бұл бізді толғандырып жүрген қилы сауалдарға жауап беретін саяси құжат”, — деді ардагерлер Елбасымен жүздесуде

Батық МӘЖИТУЛЫ,
“Егемен Қазақстан”.

Кеше Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Алматыдағы ардагерлер үйінде болып, онда тұрып жатқан қариялармен дидарласты.

Ардагерлер үйі 4 жылдан бері тұрақты жұмыс істеуде. 18200 шаршы метр аумақты алып жатқан осынау кешенді ғимаратта қария тұрғындар үшін жан-жақты жағдайлар жасалған. Емделу мүмкіндіктерімен толық қамтамасыз етілген. Тұрғын

бөлмелерден бөлек, арнайы демалатын орындар, кинозал мен кітапхана бар. Еліміздің ілгері басқан экономикалық-әлеуметтік сипатын аңғартып тұр.

Елбасы бір жарым жыл бұрын да осында келген екен. Мемлекет басшысы сол жүздесуді еске ала отырып, ардагерлердің, зейнеткерлердің, мүгедектікке ұшыраған адамдардың жай-күйі қоғам назарынан тыс қалмайтынын атап өтті. Оның нақты шаралары жүзеге асып та жатыр. Президенттің Қазақстан

экономикасын инвестициялау және дамыту саласында қаржы саясатын айқындауға жәрдемдесіп отырған бұл банкінің қаржылық құрылымы молайып, банкілік капиталы 1 триллион АҚШ долларын құрайды. Қытайлық банкирлер Қазақстан экономикасының жетекші салаларымен танысып, мұнай-газ, минералдық ресурстар, басқа да өндірістік салалар бойынша Қытай

дентімен кездесуінде мемлекет басшысына өзі басқаратын банкінің қызметімен таныстырғанын, екі елдің экономикалық, әлеуметтік және қаржылық жағдайы жөнінде ой бөліскендерін айтты. Белгілі бір салалар бойынша екі ел кәсіпорындары мен компанияларының арасындағы қарым-қатынас жа-саудың ықтимал мүмкіндігі де өңгімеге арқау болды.

Отан соғысының ардагерлеріне берілетін жәрдемақы мөлшерінің еселеп өсе беретінін айтты. Отан толық негіз қаланған. Ардагерлер үшін, қарттар мен мүгедектер үшін жасауға тиіс жеңілдіктер мәселесі ешқашан күн тәртібінен түспейді.

— Егер, сен қарттарға құрмет көрсетсең, ұрпағың да саған сондай құрмет көрсетеді, — деді Елбасы.

Қариялар Мемлекет басшына Президенттің мәртебесі мен беделін жоғары бағалайтынын, оның мақсат-мұраттарына, жоспары мен бағытына риясыз сенетінін аңғартты. Сондықтан Жолдауда айтылған міндеттер өздерін толғандырып жүрген қилы сауалдарға жауап беретін саяси құжат деген тоқтамға келді. Ардагер-қариялар Елбасына құрмет лебіздерін білдіріп, батасын берді.

АЛМАТЫ.

Негізгі қадамдар қаралды

Кеше Үкімет басшысы Даниал Ахметов Қытай Халық Республикасы Даму банкінің төрағасы Чень Юаньды қабылдап, Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың қытайлық банкирлермен кездесуінде қозғалған экономикалық мәселелерді қозғады.

Тараптар екі елдің экономикалық даму мәселелерінің кең көлемдегі ауқымы жөнінде пікір алмасып, өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту үшін мемлекеттер қабылдауға қажетті негізгі қадамдарға тоқталды.

Кездесу кезінде Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықтың қазіргі уақыттағы дамуы екі жақты да қанағаттандырып отырғаны атап өтілді.

Құрылыс нысандарын аралады

Сәрсенбі күні Премьер-Министр Даниал Ахметов Есілдің сол жағалауындағы “Астана — жаңа қала” еркін экономикалық аймақтың аумағында салынып жатқан өкімшілік ғимараттар — Қазақстан Президентінің резиденциясы, Сенат пен Мәжіліс, сондай-ақ, Жоғарғы Сот, Сыртқы істер министрлігі, Үкімет үйінің құрылысымен танысты.

Бұл құрылыстарға отандық және шетелдік құрылыс компаниялары тартылған. Биыл пайдалануға берілуі көзделіп отыр.

Құрылыс барысымен танысқан Үкімет басшысы компания басшыларының назарын құрылысты жеделдетуге және нысандарды белгіленген мерзімде пайдалануға беру керектігіне аударды. Сонымен қатар,

Президент өкімшіліктерінің басшылары бас қосты

Сәрсенбі күні Мәскеуде Қазақстан Республикасы Президенті Өкімшілігінің Басшысы Иманғали Тасмағамбетов Ресей Президенті Өкімшілігінің Басшысы Дмитрий Медведевпен жұмыс кездесуін өткізді, деп хабарлады Қазақстанның Ресейдегі елшілігінің баспасөз қызметі.

Бұл — өз қызметтеріне таулау тағайындалған Президент өкімшіліктері басшыларының бірінші кездесуі. Онда Қазақстандағы Ресей жылын өткізу, сондай-ақ құрылымдардың мемлекет басшыларының қызметтерін қамтамасыз ететін ынты-

барлық өкімшілік кешеннің архитектуралық келбетінің сақталуына қатысты сын-ескертеп айтылды. Атап айтқанда, сол жағалаудағы басты алаңды үйлестіретін негізгі композициялық элементтер ретінде жоспарланған жарты ай көп функционалды кешені, мерекелік шараларға, яғни әскери шеруге, халықтың қыдырыстап жүруіне арналған алаңға қатысты сыни пікірлер білдірілді.

Даниал Ахметов құрылысшылардан ғимараттардың ішінің сапалы безендірілуіне көңіл бөлулерін талап етті. Бұл талаптар орындалмаса және құрылысты аяқтау мерзімі сақталмаса қатан сұраныс болатынын ескертті.

мақтастығы мен ағымдағы іс-қимыл мәселелері талқыланды.

Иманғали Тасмағамбетов пен Дмитрий Медведев Владимир Путиннің биылғы жылдың қаңтар айында Астанаға жасаған ресми сапарының қорытынды мәліметтері бойынша Қазақстан мен Ресей президенттері талпырмаларын жүзеге асыру барысы туралы ақпарат алмасты.

Иманғали Тасмағамбетов сонымен бірге Ресейдің бірқатар бұқаралық ақпарат құралдары басшыларымен кездесу өткізді.

Норвегия Премьері Қазақстанға келеді

Үстіміздегі жылдың мамырында Норвегия Премьер-министрі К.М.Бондевик Қазақстанға сапармен келеді деп күтілуде деп хабарлады СИМ баспасөз қызметі.

Норвегияда дипломаттық функцияларын қоса атқарып отырған Қазақстанның Ұлыбританиядағы елшісі Ерлан Ыдырысов Норвегия астанасында болып Премьер-министр офисінің Мемлекеттік хатшысы Оддо Сагермен, сыртқы істер жөніндегі мемлекеттік хатшы Ким Тривикпен, мұнай және энергетика, индустрия және сауда, экология министрліктерінің, сондай-ақ өнеркәсіптендіру, инвестиция және туризм мәселелеріне жауапты “Innovation Norway”, мұнай саласына жауапты “Instok”

мемлекеттік агенттіктерінің және “Статойл” мұнай компаниясының ресми өкілдерімен кездесті.

К.М.Бондевиктің Қазақстанға сапары барысында аймақтық қауіпсіздік, шекараны нығайту, есірткі трафигіне қарсы күрес, сондай-ақ өнеркәсіптік-инновациялық даму, технологиялар алмасу, шағын және орта бизнесті қолдау, туризм және басқа да салалардағы сауда-инвестициялық ынтымақтастықты кеңейту мәселелері қозғалады.

“Егемен-ақпарат”.

● **Дат!**

Шаңыраққа қарасақ қайтеді?!

Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ,
“Егемен Қазақстан”.

Міне, футболдан еліміздің кезекті біріншілігі басталып кетті. Спорттың осы бір түрінің жанкүйерлері үшін ол да өзінше мереке.

Солай дей тұрғанмен, екіншіше қарай спортты саясиландырып біреудің көңілін тауып, немесе керісінше екінші біреудің намысын камшылап жататындар да баршылық. Айталық, “Елім-ай” футбол клубының президенті Дмитрий Данилин мырза біріншіліктің дәп қарсаңында жергілікті теледидар

Үстіміздегі жылдың 26 наурызында Мемлекет басшысы Сыбайлас жемқорлықпен күрес және мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасын сақтау мәселелері жөніндегі комиссия құрамына өзгертулер енгізуді қарастыратын жарлыққа қол қойған болатын. Осы жарлық бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Оралбай Әбдікәрімов аталмыш комиссияның төрағасы болып тағайындалды.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес қарқыны сылбыр

Сейфолла ШАЙЫНҒАЗЫ,
“Егемен Қазақстан”.

Өткен сәрсенбі күні комиссия жаңа құрамдағы өзін алғашқы ұйымдастыру отырысын өткізіп, алдағы қызметінің негізгі бағыттары мен 2004 жылға арналған жұмыс жоспарын бекітті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес сылбыр жүргізілуде, тіпті мемлекеттік органдардың өздері де жемқорлықтан ада емес деген пікірлер өлі де тиыммай келеді, деп бастады отырысты аша келе сөйлеген сөзін

● **ОЙМАҚТАЙ ОЙ**

Мәдениет — ұлттық категория да, ал өркениет — халықаралық категория. Мәдениет — бір ғана ұлттың діни, адамгершілік, құқық, ой-сана, эстетика, тіл секілді тұрмыс-тіршілігінің жиынтығы. Ал өркениет болса, дамудың ортақ деңгейінде тұрған көптеген қоғамдық өмірдің жиынтығы болып табылады.

Зия КӨКАЛЫП.

(Соңы 3-бетте).

● **Мәселенің мәнісі**

Степногор — күрделі қала. Бір қарағанда жарқырап, жайнап тұратын шаһардың көркем келбетіне, тап-таза көшелері мен қыз-қыз қайнаған тіршілігіне қызықпайтын кісі жоқ. Кеңестік орталықтың күреп тұрып пайда табатын қаласы төңірегіндегі қоғамдық пікір қазір де тәуір. Оның әр түрлі деңгейдегі мәжіліс, жиындарда мақталмаған күні некен-саяқ шығар. Қалада кәсіпорын көп. Оны дамытудың жолдары да қарастырылып жатқанына хабардармыз. Елбасымыз биылғы

лургия зауытын, ТЭЦ, жөндеу-механикалық және химия зауыттарын, мұндағы толып жатқан өндірістік құрылымдарды ұстап-түру жас мемлекетімізге қосымша ауыртпалықтар түсіргені белгілі. Сондықтан, кешенді израильдік “Сабтон Лимитед” фирмасына сату қалыпты қадам саналып, ешкімді дүрбелеңге түсірмеген. Тездетіп “ҚазСабтон” ЖАҚ-ы құрылып, жаңа қожайындар өткен жылдардың 270 миллион теңге жалақы қарызын жауып,

қоңырау шалынып, ресми қатынас алғанбыз. Онда топтық кәсіподақ комитетінің төрағасы Г.Н.Кузьмин төмендегідей жағдайды мәлімдейді: “2004 жылдың наурызына дейін инвестордың жалақы берешегі 143 миллион теңгеге жетті. Оның үстіне үш жылда бері жинақтаушы зейнетақы қорына 220 миллион теңге аударылмай қалды. Ашынған жұмысшылар 27 наурыздан бастап ереуілге шығуға шауып қабылдап, өндірістік буындарда ереуіл комитеттері іске кірісті”.

Біз Степногорға 29 наурыз күні жеттік. Себебі, бұл күні қалаға облыстың жаңа өкімі Мәжит Есенбаев келіп, тікелей өндіріс ошақтарында болып, актив жиналысын өткізген еді. Мәселенің анық-қанығымен танысқан өкім жағдайдың күрделі екендігін атап көрсетіп, оны түзету мақсатында шұғыл шаралар қабылдайтынын хабарлаған.

Айтқандай-ақ, Мәжит Төлеубекұлы 31 наурыз күні өткізілген облыс өкімдігінің кеңесінде Степногор қаласының өкімі Н.Я.Денинтің есебін тыңдады. Одан кейін өз кабинетінде алыстан арнайы шақыртылған “ҚазСабтонның” қожасы А.А.Тайдамақпен өңгімелесті. Сөйтіп, бүкіл Степногор қаласы ішін күйіп отырған мәселе онтайлы шешілді.

Сәуірдің бірі күні түс ауа телефон шылдырлады. Баяғыдай емес, кәсіподақ жетекшісі Геннадий Николаевич Кузьминнің даусы көңілді шықты. Бас инвестор бүгін жұмыс есебіне 80 миллион теңге аударды. Бұл еңбекақы қарызының 41 пайызы. Ал қалған қарыз айдың онына дейін толық өтелетіндігі жөнінде уәде алып отырмыз. Мұнымен бірге жұмысшылардың айлық орташа еңбекақысы 14 мыңнан

жөндеу-қайта құру жұмыстарына қажетті қаржы бөлді. Адамдар жұмысқа қайта кірісіп, көңілдері көтеріліп қалған. Бұл 1999 жыл еді.

Дәл осы жылы қолында “көзірі” барлар өз ойына кірісіп кетті. Жалақы төлеу кешегідей болып, келе-келе қолға түспейтін дүниеге айналды. Өндірістік буындар кезегімен тоқтап, жұмысшылар лек-легімен ақысыз демалысқа жөнелтіліп жатты. Оның есесіне қала, облыс өкімдерінен бастап, түрлі министрліктерге, тіпті Үкімет басшысына дейін арыз хаттар жолданумен болды. Парламент депутаттары, өсіресе осындағы кәсіподақ комитетінің төрағалығынан Мәжіліске сайланған В.Н.Котович түйткіл мәселеге жанын сала араласқанымен, айтарлықтай нәтиже шықпағанын мойындау керек. “Егемен Қазақстанның” Көкшетаудағы тілшілер қосынына да

Жұмысшылар ереуіліне жол берілмеді

Ол үшін Есенбаевтың келуін тосу керек пе еді?

Бақберген АМАЛБЕК,
“Егемен Қазақстан”.

Жолдауда Степногор технопарк туралы атап өтуі тегін емес. Бірақ, осынау ғылыми-техникалық бірлестікті құру оңайға түспейтін сияқты. Себебі жеткілікті. Біз “ызың-ызыңға” құлақ түріп, ұсақты қаузауды дұрыс көрмедік. Басты себебі, қаланың қан тамырлары соғуын қалыптастыру деңгейде ұстап тұруға, былайша айтқанда, өмірлік қажеттіліктерін қамтамасыз етуге қызмет істейтін “ҚазСабтон” ЖАҚ-тың жұртты жерге қаратқандығында.

“ҚазСабтон” қалаға қалай келіп еді? Тіршілігі түгелдей Мәскеуге тәуелді “Целинный кен-химия комбинатын”, оның құрамындағы бес руда басқармасын, гидрометал-